

Глубокое аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 7/4-VI "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алулар туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қарашадағы № 36/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 желтоқсанда № 6351 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Глубокое аудандық мәслихатының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 7/4-VI " Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алулар туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4795 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 25 қаңтарда электрондық түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындар ай сайын оқу жылы ішінде төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін."

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Глубокое аудандық мәслихаттың хатшысы

Е. Леонтьева

А. Баймульдинов